

ELEMENT

1980-1989

ЖҰМЫСТЫҢ КӨЗІН ТАПҚАН ЖАҚУТТЫҢ ӨЗІН ТАБАДЫ

Соңғы он жылдың көлеміндегі Қызылорда қаласының келбеті туралы салиқалы сөз қозғала қалғанда, оның бес жыл бойы қалабасы болған Қожахмет Баймаханов тұлғасына тоқталмай өту мүмкін емес. Осыған орай Сыр бойындағы басты қаланың тарихын бұл кісіге дейінгі және кейінгі екі кезеңге бөліп қарастыру үрдісі қалыптасқан. Шынында Қожахмет Мәдібайұлы қала басшылығының тізгінін ұстаған жылдары облыс орталығы адам танымастай болып өзгерді. 200 жылға жуық шежіренің шетенін шетінеткен шаһар сол кезеңдері өзінің екінші жастық шағын өткеріп, өмірге қайта келген кейуананың кейпін кешті. Сол дүбірлі дүмпүмен бірге аз уақыттың ағымында Тағзым алаңы, Қорқыт Ата атындағы мемориал, Қорқыт Ата атындағы әуежай, “Еуразия” мәдени-спорт кешені, аквапарк секілді жаңа нысандар өмірге келіп, әйгілі Сарқырама арнасы жаңаша жаңғырды, орталық стадион қайта құрудан өтіп, дарияның жағасында тынығу аллеялары пайда болды.

Бұдан бөлек, спорт сарайы өзгеше реңкке бөленіп, бірнеше көшенің атауы түзетілді. Керегесін кеңейткен дүр даңғылдар түгел жарықтандырылып, қапталдары арыққа аяқ артты. Осы арқылы ол, өзі бұрын айтып жүргеніндей, туған қаласын шексіз жақсы көретінін дәлелдеп берді.

Мамандығы жағынан құрылысшы болып келетін Баймаханов жылдардан жыл ауысып, қала басшысы қызметінен кеткеннен кейін де қол қусырып қарап отырмай, бірден туған кенті қора-қопсысына қолдау көрсетудің басқа бір байыпты бағытын тауып алды. Сөйтіп, “Асар-Холдинг” атты жауапкершілігі шектеулі құрылыс мекемесін құрып, көп қабатты үйлер салуға кірісіп кетті. Қала сәулетінің шын жанашыры ретінде Қожекең тұрғын жайлардың еніне еңсеріле емес, биікке қарай салынғанын жөн көреді. Сол себепті өзі басшы кезінде Алматыдағы “Урбостиль” ғылыми-зерттеу мекемесін шақыртып, қаланың бас жоспарын жасатуды да қолға алған еді...

Қазір облыстық мәслихаттың депутаты атанып, аймақтың қоғамдық өміріне белсене араласып отырған Қожахмет Баймаханов қалаулылар қауымының биік мінберінен осы мәселеге жұрт назарын аударуға айрықша мән бере қарайды. “Қаланың жеке секторлар арқылы жайыла өсіп бара жатқан жаңа аудандарына коммуникация желілерін жеткізу оңай емес, – дейді ол. – Оның шығынын ешқандай бюджет көтере алмас еді. Ал қаламыздағы жүздеген шақырымдық құбырларды бүгін жөндесең, бес жылдан кейін қайта тозып жатады”. Осы жерде Қ.Баймаханов депутат әрі құрылыс ұйымының басшысы ретінде мынадай есептеулерге ернеу сызады. Біздегі бес қабатты үйлердің әрбірінде негізінен 80 пәтерден бар. Егер сол 80 отбасыға үй салуға жер берілсе, әр учаскенің ені 20 метрден болғанда, қала 16 шақырымға ұзарып кетеді. Ол жаңа көпір қапталындағы “Сырдария” шағын ауданын көрген сайын оны үнемі ойша қала орталығында елестетінін айтады. Кезінде облыс басшылығына дария жағалауында болашақ көп қабатты үйлер салатын жер қалдырту жөніндегі пікірін өткізе алмағанына өкініш білдіреді. Қазіргі

халыққа қызмет көрсету орталығы мен 128 пәтерлі ипотекалық үй аралығындағы жағалауды осындай мақсатқа қалдыру керек еді дейді ол. Бір қуаныштысы, осы идеяны облыстың қазіргі басшысы бірден қолдап, қуаттап әкеткен.

Айтылып отырған аудандағы “Еуразия” кешені алдынан өтетін жол аралығындағы 5,2 гектар жердің 1,3 гектары бос жатыр екен. Қалғаны 13 адамның меншігінде. Кезінде дүкен, шаштараз, май құю бекеті секілді кәсіпкерлік нысандары мен жеке тұрғын үй салу үшін алған. Олар серіктестікке өз учаскесін босатуға келісім беріп отыр, бірақ сұрап отырған бағалары тым қымбат. “Асар-Холдинг” құрылысшылары бос жатқан аумақта екі 9 қабатты үй түсетін жердің суын тартып, тасын төсеп биіктетіп, іргетасын жасауға дайындап қойды. Бұдан әрі жұмыс жасауға екі нәрсе кедергі келтіріп тұрған көрінеді. Біріншісі, қазіргі нарыққа сай құрылыс материалдарының бағасы аспандап кетуі болса, екіншісі банктердің құрылыс жұмыстарын қаржыландыруды тоқтатуынан туындайды. Енді қаланың бас жоспарына осы жерлер жаңа шағын аудан ретінде еніп, мәслихатта бекітілгеннен кейін құрылысты жалғастыра беруге болады. Бұлардың 13-і бірінші кезекте жаңағы жер учаскесі иелеріне берілмекші.

Қаржылық ахуал қаншалықты қиын болғанына қарамастан, “Асар-Холдинг” ЖШС алға қойған мақсат биігінен төмендеуді намысқа қадалар найза санайды. Ол бүгінгі таңда бюджет арқылы қаржыландырылатын бір ғана құрылысты жүргізуде. Жалағаштағы құны 135 млн. теңге тұратын осы нысан – аудандық аурухана үйінің құрылысы таяуда аяқталмақ. Басқа жұмыстарының бәрін серіктестік тұрғын үй құрылысымен байланыстырып, өз қаражаты есебінен жай көтеруде. Айталық, қаладағы Журба көшесі бойындағы “Меруерт” тұрғын үй кешені жақында пайдалануға берілді. Орталық алаңның түбіндегі “Ақерке” атты тағы бір кешенің алғашқы үйінің 8-ші қабаты өрілуде. Жобаға сәйкес, ол келесі жылы бітуге тиіс. Оның жанынан тағы екі үй бой көтермекші. Облыстық теледидар ғимараты маңында 9 қабатты “Атамекен” атты тұрғын үйдің іргетасы қаланып жатыр. – Өткен жылы біз “Меруерт” тұрғын үйі пәтерінің бір шаршы метрін 540 долларға бағалағанбыз, – дейді құрылысшы-депутат Қожахмет Баймаханов осы сөздің сорабында. – Мемлекеттік бағдарламаның аясында салынатын бұл үйлердің коммуникациясы бюджет қаржысына тартылады. Ал біз өз қаржымызбен жүруіміз керек. Соған байланысты биыл ондағы пәтерлердің шаршы метрін 830 доллардан саттық.

Дегенмен, 48 пәтерлі “Ақерке” тұрғын үй кешеніндегі пәтерлердің шаршы метрі 1100 долларға шамалас болғалы тұр. Қазірдің өзінде болашақ пәтерлердің құнын несиесіз-ақ толық төлеп қойғысы келетін отызшақты бақуатты қызылордалық бар екен. Осы жерде Қожахмет Мәдібайұлы үлестік қатысу туралы заңның реттелуіне де айрықша мән береді. Ол биыл жүзеге аса бастайды. Ол бойынша мердігер үй бастау үшін кемінде оның құнының белгілі бір пайызын қосуы керек. Мәселен, “Атамекен” үйі шамамен 576 млн. теңге десек, оның 69 млн. теңгесі “Асар-Холдинг” қаржысы болуға тиіс. Бүгінгі күнге бұл үйдің іргетасы 60 пайызға орындалса, оған серіктестік 70

млн. теңгедей жұмсап үлгерген. Осы күнгі есептеулер бойынша қолында 200 млн. теңге болмай, қабатты үй құрылысын бастауға болмайды.

– Біздің компания Алматыдан да нысандар алып, жұмыс жасап жүр, – дейді Қожахмет Баймаханов бұдан әрі. – Сондықтан уақыттың көп бөлігін сонда өткеруге тура келеді. Алатау баурайында жүргенде “темір жол наубайханасы банкрот болып сатылады” деген хабарды естідім. Келгесін бағасы қымбаттығына байланысты сатып алудан бас тарттық. Көп ұзамай оңтайлы бағаға келісім жасалды. Ал мені ең алдымен қызықтырғаны, оның 48 сотық жері болды. Ол әрі вокзалға жақын, әрі тыныш аудан, нақтылай келгенде, нағыз элиталық үйлер құрылысына таптырмайтын аумақ. Сатып алған соң наубайханада 48 адам жұмыс істейтінін білдім. Алды осында 25 жылдай еңбек еткен екен. Олар “Баймаханов бізді жерде қалдырмас” депті. Ойлана келе, сонша адамды далаға тастауға болмайтынын ұқтым. Осылайша наубайхана жұмысын жалғастыруға тура келді. Бұрын тәулігіне 16 тонна нан шығарған кәсіпорын соңғы кездері көрсеткіші 1,6 тоннаға түсіпті. Оны биылғы жылы 5 тоннаға көтеруге ұйғарым жасап отырмыз.

Қашанда бір бастаған ісін ақырына дейін тиянақтап жеткізгенше тыным таппай қимылдайтын Қожахметтің осы іскерлігі мен табандылығына тәнті облыстағы құрылыс мекемелерінің басшылары бұрнағы жылдан бері оның иығына тағы бір міндетті жүктеп қойды. Ол міндет облыстық құрылысшылар ассоциациясы президенті деген қоғамдық жұмыстың аясынан айдын кереді. Бұл құрылымды құрудағы мақсат тендерлер төңірегінде келеңсіздіктерге жол бермеуден шыққан еді. Бұған себеп, кайбір жылдары кез келген нысанның нақтылы құнынан бағаны біраз төмен түсіріп, тендерлерді жеңіп алу үрдісі құрылыс мекемелері арасында қатты белең алып кеткен. Қазір қаладағы құрылыс мекемелерінің бәрі осы ассоциация мүшесі. Олар ортақ басшысының ұйыстыра білуі арқасында жаңағы сынды қоянжортпа жымысқы тірліктерден ада, құрылыс өзінің шын шығыны мөлшеріне қарай соғылуда. Бұдан екі жақ та ұтысқа шығып отыр. Біріншіден, құрылыс ұйымдары өздерінің мүдделерін құрбан ете отырып, құр шығынға ұрынбаса, екіншісі, соның негізінде нысан біткен бұрынғыдай амалсыз сапасыздыққа ұшырамайды.

Сөз соңында біз Қожахмет Баймахановтың облыс әкімімен арада былтыр жасалған азаматтық келісімге сай “Асар-Холдингтің” әрбір салған тұрғын үйінен бір пәтерді облыс иелігіне беріп тұру жөнінде уағдаластықтың қаншалықты ғұмыры бар екенін білгіміз келген.

Сол ыңғайда:

– Баяғы уәде “Меруерт” үйінен кейін де күшінде қала бере ме? – дедік біз.

– Әлбетте! – деді Қожекең саңқ етіп. – Берген уәдені жұтсаң, ол мәкүрік болмай ма?!

Тап осы сәтте Баймаханов өзінің бар болмысынан хабар беріп өтті. Тегінде жұмыстың көзін тапқанның жақұттың өзін табатыны да рас қой.